



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 533–547
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/ MPHTI / IRSTI03.20.41

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_533-547

XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Мұхаметжан Бауыржанұлы Әуелбеков¹, Хасан Бахар²

¹ Астана халықаралық университеті

(8-үй, Қабанбай батыр даңғылы, Астана, Қазақстан Республикасы)

Астана халықаралық университетінің докторанты

<https://orcid.org/0009-0004-5036-036X>. E-mail: nevermore08032000@mail.ru

² Селчук университеті

(Ени Истанбул көшесі 369, Сельчук ауданы, Конья, Түркия)

доктор, профессор

E-mail: hbahar@selcuk.edu.tr

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Әуелбеков М.Б., Бахар Х., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл зерттеу жұмысы XII–XV ғасырлар аралығындағы Оңтүстік Қазақстан аумағындағы урбанизация үдерісінің дамуын, оның әлеуметтік-экономикалық және тарихи маңызын жан-жақты талдауға арналған. Ортағасырлық кезеңде аймақ Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды транзиттік кеңістік ретінде қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен өркендеуінде айрықша рөл атқарды. Алайда моңғол шапқыншылықтары, билік үшін болған ішкі қақтығыстар, тұрақсыз саяси жағдай, сондай-ақ Әмір Темір жорықтарының салдары қалалар жүйесінің әлсіреуіне және отырықшы-егіншілік мәдениеттің күйреуіне алып келді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы урбанизацияның негізгі кезеңдерін анықтау, оның құлдырау себептерін тарихи дереккөздер мен археологиялық материалдар негізінде талдау және аймақтың кейінгі дамуына тигізген ықпалын бағалау болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес қалалардың жоспарлық құрылымы, сәулеттік кешендер, тұрғын үйлер, діни ғимараттар, монеталық айналым және шаруашылық инфрақұрылымның өзгерістері қарастырылды. *Зерттеу нәтижесінде* XIII–XIV ғасырларда ірі қалалар сырттай өміршең көрінгенімен, оларды қамтамасыз еткен егіншілік аймақтардың жойылуы урбанистік жүйенің іргесін әлсіреткені анықталды. Қалалық мәдениеттің құлдырауы нәтижесінде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым сипат алды. Қорытындылай келе, зерттеу Оңтүстік Қазақстандағы урбанизация үдерісінің тоқырауы тек саяси оқиғалардың салдары ғана емес, сонымен қатар экономикалық, демографиялық және мәдени факторлардың өзара байланысынан туындаған күрделі тарихи құбылыс екенін көрсетеді. Бұл кезеңді зерделеу өңірдің тарихи даму логикасын түсінуге және ортағасырлық қала мәдениетінің маңызын бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Оңтүстік Қазақстан, урбанизация, ортағасырлық қалалар, моңғол шапқыншылығы, отырықшы мәдениет.

Дәйексөз үшін: Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстандағы урбанизация үдерісі және оның тарихи маңызы // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 533–547-бб. [қазақша].

DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_533-547

ПРОЦЕСС УРБАНИЗАЦИИ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В XII–XV ВЕКАХ И ЕГО ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Мухаметжан Бауыржанұлы Ауелбеков¹, Хасан Бахар²

¹Международный университет Астана,
(д.8. пр. Кабанбай батыра, Астана, Республика Казахстан)
Докторант международного университета Астана
<https://orcid.org/0009-0004-5036-036X>. E-mail: nevermore08032000@mail.ru

²Университет Селчук
(Улица Ени Истанбул 369, Район Сельчуклу, Конья, Турция)
доктор, профессор
E-mail: hbahar@selcuk.edu.tr

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Ауелбеков М.Б., Бахар Х., 2026

Аннотация. *Введение.* Данное исследование посвящено всестороннему анализу процесса урбанизации на территории Южного Казахстана в XII–XV веках, а также раскрытию его социально-экономического и исторического значения. В средневековый период регион играл особую роль в формировании и развитии городской культуры как важное транзитное пространство на путях Великого шелкового пути. Однако монгольские завоевания, междоусобная борьба за власть, политическая нестабильность, а также последствия военных походов Амира Темура привели к ослаблению городской системы и разрушению оседло-земледельческой культуры. *Цели и задачи исследования.* Основной целью работы является определение ключевых этапов урбанизации городов Южного Казахстана, анализ причин ее упадка на основе письменных источников и археологических материалов, а также оценка влияния данных процессов на последующее историческое развитие региона. В соответствии с поставленной целью в исследовании рассматриваются планировочная структура городов, архитектурные комплексы, жилые постройки, религиозные сооружения, особенности денежного обращения и трансформация хозяйственной инфраструктуры. *В результате исследования* установлено, что в XIII–XIV веках крупные города внешне сохраняли признаки жизнеспособности, однако разрушение земледельческих округов, обеспечивавших их экономическое существование, привело к ослаблению всей урбанистической системы. Вследствие упадка городской культуры на территории Жетысу и Южного Казахстана усилилось господство кочевого и полукочевого типов хозяйствования. *Заключение.* Проведенное исследование показывает, что стагнация урбанизационных процессов в Южном Казахстане являлась не только следствием политических событий, но и результатом сложного взаимодействия экономических, демографических и культурных факторов. Изучение данного периода позволяет глубже понять логику исторического развития региона и объективно оценить значение средневековой городской цивилизации в истории Казахстана.

Ключевые слова: Южный Казахстан, урбанизация, средневековые города, монгольское завоевание, оседлая культура.

Для цитирования: Ауелбеков М.Б., Бахар Х. Процесс урбанизации в Южном Казахстане в XII–XV веках и его историческое значение // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 533–547. [на казахском языке]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_533-547

THE PROCESS OF URBANIZATION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN AND ITS HISTORICAL SIGNIFICANCE (12TH–15TH CENTURIES)

Mukhametzhana Auelbekov¹, Hasan Bahar²

¹ Astana International University,
(8 Kabanbai Batyr Ave., Astana, Republic of Kazakhstan)
Doctoral student at Astana International University
<https://orcid.org/0009-0004-5036-036X>. E-mail: nevermore08032000@mail.ru

² Selcuk University
(Yeni Istanbul Cad 369, Konya, Turkey)
doctor, professor
E-mail: hbahar@selcuk.edu.tr

© Valichanov IHE, 2026

© Auelbekov M.B., Bahar H., 2026

Abstract. *Introduction.* This study is devoted to a comprehensive analysis of the development of the urbanization process in the territory of Southern Kazakhstan during the 12th–15th centuries, as well as its socio-economic and historical significance. In the medieval period, the region played a special role in the formation and flourishing of urban culture as an important transit area along the Great Silk Road. However, the Mongol invasions, internal political conflicts, prolonged instability, and the consequences of Timur's military campaigns led to the weakening of the urban system and the destruction of sedentary agricultural culture. *Purpose and Objectives of the Study.* The main aim of the research is to identify the principal stages of urbanization in the cities of Southern Kazakhstan, analyze the causes of its decline based on historical written sources and archaeological materials, and assess its impact on the subsequent development of the region. In accordance with these objectives, the study examines changes in urban planning structures, architectural complexes, residential buildings, religious institutions, monetary circulation, and economic infrastructure. *Results.* The research demonstrates that although major cities in the 13th–14th centuries appeared externally stable, the destruction of the agricultural hinterlands that supported them significantly undermined the foundations of the urban system. As a result of the decline of urban culture, nomadic and semi-nomadic economic forms became dominant in the territories of Zhetysay and Southern Kazakhstan. *Conclusion.* The study concludes that the stagnation of urbanization processes in Southern Kazakhstan was not solely a consequence of political events, but rather a complex historical phenomenon formed through the interaction of economic, demographic, and cultural factors. The analysis of this period contributes to a deeper understanding of the historical development of the region and highlights the enduring significance of medieval urban civilization.

Keywords: Southern Kazakhstan, urbanization, medieval cities, Mongol invasions, sedentary culture.

For citation: Auelbekov M.B., Bahar H. The Process of Urbanization in Southern Kazakhstan and Its Historical Significance (12th–15th Centuries) // Otan Tarihi. 2026. Vol. 29. № 2. Pp. 533–547. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_533-547

Кіріспе. Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы урбанизация үдерісі – әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің кешенді көрінісі болып табылады. Әсіресе XIII–XV ғасырлар аралығы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағындағы қалалық өркениеттің тағдыры түбегейлі өзгерген кезең ретінде ерекшеленеді. Бұл уақыт кеңістігі бір жағынан моңғол шапқыншылығының ауыр зардаптарымен, екінші жағынан қалалық өмірдің қайта қалпына келуімен және кейінгі құлдырауымен сипатталады.

Тарих ғылымында урбанизация үдерісі бірнеше негізгі көрсеткіштер арқылы анықталады: тұрақты тұрғындардың қалыптасуы, өндірістік және қолөнер салаларының дамуы, әкімшілік басқару институттарының пайда болуы, инфрақұрылым жүйесінің орнығуы және әлеуметтік стратификацияның күрделенуі. Осы өлшемдерді Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ежелгі қалалардың даму сипатын анықтауда негізгі теориялық база ретінде қарастырамыз.

Оңтүстік Қазақстан аумағы ерте заманнан бастап Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтары тоғысқан стратегиялық өңір ретінде қалыптасты. Мұнда Отырар, Сауран, Сығанақ, Қойлық, Жент, Кенже секілді қалалар орналасып, сауда, қолөнер, егіншілік және әкімшілік басқару орталықтары қызметін атқарды. XIII ғасырдың басындағы моңғолдардың жаулап алуы бұл қалалардың көпшілігіне елеулі соққы беріп, қалалық инфрақұрылымның, суландыру жүйелерінің және егіншілік аймақтардың күйреуіне әкелді. Алайда XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың алғашқы кезеңінде Оңтүстік Қазақстандағы бірқатар қалаларда урбанизация үдерісінің қайта жандану белгілері байқалды.

Археологиялық деректер бұл кезеңде қалалардың ішкі құрылымында түбегейлі өзгерістер жүргенін дәлелдейді. Қалалық жоспарлау жүйесі жаңарып, тұрғын үйлердің типологиясы өзгерді, мешіттер, моншалар, қолөнер шеберханалары мен өндірістік кварталдар бой көтерді. Қалалардың мұндай бейімделуі саяси тұрақтану, сауда байланыстарының қайта орнауы және экономикалық реформалармен тығыз байланысты болды.

Алайда XIII–XV ғасырлардағы урбанизация үдерісі аймақтар арасында біркелкі дамымады. Егер Оңтүстік Қазақстанда қалалық мәдениет салыстырмалы түрде тұрақтанып, белгілі дәрежеде қайта жанданса, Жетісу өңірінде қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениеттің жаппай құлдырауы байқалды. Саяси бытыраңқылық, көшпелі тайпалардың жаппай қоныс аударуы, ауыр салық саясаты мен үздіксіз әскери қақтығыстар көптеген қалалардың жойылуына себеп болды. Соның салдарынан бұл өңірде ежелгі урбанистік дәстүрлер үзіліске ұшырап, аймақ біртіндеп көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы үстемдік еткен кеңістікке айналды.

Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, XIII–XV ғасырлар Қазақстан аумағындағы қалалық мәдениеттің эволюциясын айқындаған шешуші кезең болып табылады. Дәл осы уақытта қала мен дала арасындағы экономикалық, этникалық және мәдени байланыстардың сипаты түбегейлі өзгеріп, кейінгі тарихи даму бағыты қалыптасты.

Екіншіден, Оңтүстік Қазақстан қалаларының қайта жандануы мен Жетісу өңіріндегі урбанизацияның құлдырауы арасындағы айырмашылық әлі күнге дейін тарих ғылымында толық әрі жүйелі түрде түсіндірілмеген. Бұл мәселе аймақтық даму ерекшеліктерін, табиғи-географиялық жағдайды, саяси факторларды және әлеуметтік құрылымды салыстырмалы түрде зерттеуді қажет етеді.

Үшіншіден, қазіргі таңда археологиялық зерттеулер нәтижесінде жиналған мол материалдар ортағасырлық қалалардың құрылымы, шаруашылығы мен мәдени кеңістігін жаңаша тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беріп отыр. Осы деректерді тарихи жазба мәліметтермен ұштастыра отырып талдау – отандық тарихнама үшін өзекті ғылыми міндеттердің бірі.

Аталған кезеңге қатысты негізгі ғылыми проблема – моңғол шапқыншылығынан кейінгі урбанизация үдерісінің сипатын біржақты құлдырау ретінде ғана қарастырудың жеткіліксіздігінде. Кейбір аймақтарда қалалық өмірдің толық жойылуы байқалса, Оңтүстік Қазақстанда керісінше қалалардың қайта қалыптасуы, экономикалық белсенділіктің жандануы және сәулет өнерінің дамуы орын алды. Осы айырмашылықтардың себептері, урбанизацияның қалпына келу тетіктері, мемлекеттік құрылымдардың (әсіресе Ақ Орда кезеңіндегі) қалалық мәдениетке ықпалы, сондай-ақ қала тұрғындарының әлеуметтік бейнесі мен шаруашылық қызметі ғылыми тұрғыдан әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері: Зерттеу жұмысы барысында келесі материалдар пайдаланылды: археологиялық қазба деректері; ортағасырлық жазба деректер (Бартольд, Жувейни, Рашид ад-Дин, Мұхаммед Хайдар Дулати); отандық және шетелдік тарихшылардың ғылыми еңбектері атап айтқанда К.М.Байпаков сынды белгілі археолог-ғалымның еңбектері; Қазақстан Республикасының археологиялық зерттеу есептері. Зерттеуде қолданылған негізгі әдістер: тарихи-генетикалық әдіс – қалалардың пайда болу эволюциясын анықтау, салыстырмалы талдау әдісі – аймақтық қалалардың даму ерекшеліктерін салыстыру, жүйелік тәсіл – қалалық мәдениетті тұтас әлеуметтік жүйе ретінде қарастыру, тарихи-географиялық әдіс – табиғи орта мен урбанизация арасындағы байланысты анықтау, интерпретациялық талдау – археологиялық және жазба деректерді ғылыми түсіндіру. Бұл әдістер зерттеу нысанын жан-жақты қамтып, алынған нәтижелердің ғылыми сенімділігін қамтамасыз етті.

Талқылау. Оңтүстік Қазақстанда X–XIV ғасырлар урбанизацияның ең жоғары даму кезеңі болды. Осы кезеңде Түркістан, Сауран, Сығанақ қалалары ірі саяси әрі рухани орталыққа айналып, қалалық мәдениет кемелдену деңгейіне жетті. XI–XII ғасырларда ең жоғары даму деңгейіне жеткен

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалық мәдениеттің өркендеуі татар-моңғол шапқыншылықтары салдарынан күрт тоқырауға ұшырады. XIII ғасырдың басында басталған жаулап алу жорықтары аймақтың саяси және экономикалық тұрақтылығын түбегейлі бұзды. 1211 жылы моңғол әскерлерінің алғашқы бөлімдері Жетісу жеріне енген тұста, қарлұқ билеушісі Арсланхан Шыңғыс ханның үстемдігін мойындауға мәжбүр болды. Ал 1218 жылға қарай Жетісу аумағы толықтай моңғол билігіне өтті.

Аймақтың басты орталығы саналатын Баласағұн қаласы қарулы қарсылық көрсетпей беріліп, соның нәтижесінде «Гобалық», яғни «Жақсы қала» деген атауға ие болды. 1219 жылы Шыңғыс хан бастаған негізгі әскер Оңтүстік Қазақстан аумағына бағыт алды. Алғашқы соққы Сайрам қаласына жасалып, ол қысқа мерзім ішінде бағындырылды. Жазба деректерде моңғолдардың «Сайлань» деп аталған қаланы шабуылдау барысында тас атқыш құрылғылар – катапульттарды пайдаланғаны баяндалады [Байпаков, 1986: 8].

Шыңғыс ханның ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарған әскердің бір бөлігі стратегиялық маңызы зор Отырар қаласын қоршауға алды. Тарихшы Жувейни еңбектерінде бұл қаланың алты айға созылған ерлік қорғанысы кеңінен сипатталып, оқиға ақыр соңында тұрғындардың ауыр қасіретке ұшырауымен аяқталады. Қорғаныс жүйелері толығымен қиратылып, халықтың басым бөлігі қырғынға ұшырады, ал білікті қолөнершілер күштеп Моңғолия аумағына көшірілді [Juvaini, 1958: 250].

Отырардан кейін Сырдария бойындағы маңызды қалалар – Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Ашнас және Жент бірінен соң бірі моңғол әскерінің қол астына өтті. Осылайша, моңғол шапқыншылығы Қазақстан аумағындағы дамыған қалалық өркениеттің күйреуіне алып келіп, бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан урбанизация үдерісін уақытша тоқтатты.

Сығанақ қаласы моңғол әскеріне жеті күн бойы табанды қарсылық көрсетті. Алайда қаланы берілуге шақырып келген моңғол елшісінің өлтірілуінен кейін жау тарапынан қатаң жаза қолданылып, тұрғын халық түгелге жуық қырғынға ұшыратылды. Ал Үзкент пен Баршынкент қалалары моңғолдар тарапынан айтарлықтай қарсылықсыз басып алынды. Ашнас қаласы ұзақ уақыт бойы табанды түрде қорғанды, алайда қала құлаған соң оның тұрғындарының көп бөлігі жойылды. Жент қаласы соғыссыз берілгенімен, толықтай тонауға ұшырады.

Моңғол әскерінің бір бөлігі Янгикентті де өз бақылауына алды. Жазба деректерде Сырдария бойында орналасқан тағы бір қала – Зернук туралы мәлімет кездеседі. Бұл қала Шыңғыс хан мен оның ұлы Төленің әскеріне ешқандай қарсылықсыз берілгенімен, соған қарамастан, моңғолдар жергілікті жастарды «хашар» деп аталатын мәжбүрлі еңбек тобына айдап әкеткен.

Зерттеушілердің басым бөлігі жазба деректерге сүйене отырып, моңғол шапқыншылығы жаулап алынған өңірлердегі қалалық мәдениеттің эволюциялық дамуын күрт тоқтатты деген тұжырымға келеді [Тихвинский, 1977: 18].

Сонымен қатар кейбір ғалымдар моңғол империясы, кейіннен Алтын Орда мен Шағатай мемлекеті құрамында Еуропа мен Азия халықтары мен аймақтарының өзара ықпалдасу үдерістері күшейгенін атап көрсетеді. Осы кезеңде халықаралық сауда қатынастары кеңейіп, мемлекетаралық байланыстар нығая түсті. Кейінгі дәуірде Қазақ хандығының мемлекеттік басқару жүйесі мен құқықтық құрылымдарының қалыптасуында дәл осы саяси тәжірибелердің бірқатары пайдаланылғаны байқалады.

Қазақстан аумағы XIII–XIV ғасырларда Моңғол империясының құрамына еніп, үш ірі ұлыстық-саяси құрылымға бөлінді. Далалық кеңістіктер негізінен Жошы ұлысының билігіне қараса, елдің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлері Шағатай ұлысына бағынышты болды. Ал Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей әулетінің ықпалында қалды. Ұлыстар арасында нақты шекаралар болмағандықтан, саяси ықпал аймақтары тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Шағатай әулетінің билеушілері Сырдария бойымен Арал маңына дейін өз ықпалын жүргізуге ұмтылса, жошы ұлысы Сырдарияның орта ағысына дейінгі қалалық аймақтарға бақылау орнатты [Қазақстан тарихы. Бес томдық, 1998: 67].

Моңғол ақсүйектері арасында жаулап алынған отырықшы және қалалық халыққа қатысты екі түрлі саяси-экономикалық бағыт айқындалды. Бірінші топ мемлекеттің орталықтандырылуына қарсы болып, көшпелі өмір салтын сақтауды және қалалардан үздіксіз алым-салық жинауды жақтады. Бұл бағыт қала мәдениетінің әлсіреуіне және экономикалық тұрақсыздықтың күшеюіне алып келді. Екінші саяси бағыт, керісінше, жергілікті ақсүйектер, діни элита мен сауда қауымының қолдауына сүйене отырып, тұрақты мемлекеттік билік жүйесін қалыптастыруды көздеді. Бұл топ қалалық

тұрғындарды бейберекет тонаудан қорғау, салық жүйесін заңдастыру және шаруашылықты қалпына келтіру қажеттігін алға тартты. Аталған реформаторлық саясаттың негізгі өкілдері ретінде Мөңке хан мен Масудбек есімдері аталады. Мөңке хан билігі тұсында мөлшерсіз алымдар жойылып, салықтардың нақты мөлшері бекітілді, жан басына салынатын төлемдер заңмен реттелді. Сонымен қатар алтын динар соғу ресми түрде бекітіліп, мемлекеттік қаржы жүйесі нығайтылды.

1269 жылы Талас өзені бойында өткен құрылтай моңғол дәуіріндегі қалалық саясатта маңызды кезең болды. Құрылтай шешіміне сәйкес билеушілер отырықшы халық пен қала тұрғындарынан тек белгіленген салықтар жинауға, егістік алқаптарға зиян келтірмеуге және тонаушылық әрекеттерді тоқтатуға міндеттелді. Бұл шаралар қалалардың экономикалық өмірін тұрақтандыруға бағытталды.

1271 жылы жүзеге асқан Масудбектің ақша реформасы күміс теңгенің бірыңғай айналымын қамтамасыз етіп, сауда қатынастарының жандануына мүмкіндік берді. Ал 1321 жылы Кебек хан жүргізген қаржылық реформа аймақ экономикасының одан әрі өркендеуіне серпін беріп, қалалық мәдениеттің қайта жандануына алғышарттар қалыптастырды.

Осылайша, моңғол шапқыншылығы бастапқы кезеңде Қазақстанның ортағасырлық урбанизация үдерісін күрт әлсіреткенімен, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап мемлекеттік реформалар мен экономикалық тұрақтандыру шаралары қалалық өмірдің біртіндеп қалпына келуіне жағдай жасады. Бұл кезең Қазақстан аумағындағы урбанизацияның толық жойылмағанын, керісінше жаңа саяси-әкімшілік жүйе аясында трансформацияланғанын дәлелдейді.

Қалалардың біртіндеп қайта жандана бастауы жергілікті түркі тектес феодалдық ақсүйектердің экономикалық және саяси ықпалының күшеюімен тікелей байланысты болды. Моңғол үстемдігіне қарсы халық наразылығын өз мүдделеріне тиімді пайдаланған түркі ақсүйектері Жошы және Шағатай ұлыстары аумағында дербес билік орнатуға ұмтылды. Бұл үдерістер XIV ғасырдың ортасына қарай саяси құрылымдардың әлсіреуіне әкеліп, нәтижесінде 1350-жылдардың соңында Шағатай ұлысы бірнеше жеке иеліктерге ыдырады.

Сырдарияның орта ағысындағы стратегиялық маңызы жоғары қалалар Ақ Орда хандарының бақылауына өтсе, Жетісу өңірі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жерінде қалыптасқан Моғолстан мемлекетінің құрамына кірді. Бұл бөлініс Қазақстан аумағындағы қалалық орталықтардың даму бағытын айқындап, урбанизация үдерісін аймақтық ерекшеліктерге тәуелді етті.

Моғолстан билеушісі Тоғылық-Темір хан өз саяси ықпалын Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азия аумағына таратуға бірнеше мәрте әрекет жасады. Алайда бұл ұмтылыстар отырықшы-егіншілік мәдениеті жоғары дамыған Мауереннахр билеушісі Әмір Темірмен қақтығысқа ұласты. Әмір Темірдің Жетісуға бағытталған жойқын жорықтары өңірдің қалалық инфрақұрылымына, егіншілік жүйесіне және сауда байланыстарына елеулі зиян келтірді [Байпаков, 1986: 78].

XIV ғасырдың 70-жылдарынан бастап Ақ Орда хандары мен Әмір Темір арасындағы әскери-саяси қақтығыстар жаңа кезеңге өтті. Бұл соғыстардың басталуына Ақ Орда тағына үміткер Тоқтамыстың Темірге барып паналауы себеп болды. Бастапқы кезеңде Тоқтамыстың әрекеттері сәтсіз аяқталғанымен, 1379 жылы ол Ақ Ордада, кейіннен Алтын Орда аумағында билігін нығайта алды. Алайда 1387 жылдан бастап бұрынғы одақтастар арасындағы қарым-қатынас ашық соғысқа ұласты. Бұл ұзаққа созылған әскери қақтығыстардың негізгі ауыртпалығы қалалар мен отырықшы ауыл халқының үлесіне тиді. 1387–1388 жылдары Тоқтамыс Мауереннахрға бағытталған жорық барысында Моғолстан әмірі Қамар ад-Диннің әскерімен бірігіп, Сығанақ арқылы өтіп, Сауранды қоршады. Сонымен қатар Сайрам, Ясы, Ташкент, Самарқан және Бұхара маңындағы елді мекендер тоналып, сауда жолдары күйзеліске ұшырады. Бұған жауап ретінде Әмір Темір Дешті Қыпшақ аумағына бірнеше рет жорық жасап, Ақ Орда қалалары мен халқы да ауыр зардап шекті.

Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес қайта жанданды. 1405 жылы Отырар қаласын шейх Нұр ад-Дин басып алып, оны төрт жыл бойы иелігінде ұстады. Кейін қала Халил-Сұлтанның қарамағына өтті. 1410 жылы Шах Жахан басқарған моңғол жасақтары Сайрам, Қарасаман және Отырар қалаларын қоршауға алды.

XV ғасырдың 20-жылдары Сырдария өңіріндегі қалалар үшін Ұлықбек пен Барак хан арасында ұзаққа созылған саяси текетірес өрбіді. Тек Темір әулетінің билеушісі Шахрухтың қолдауы арқасында ғана Ұлықбек бұл аймақта өз үстемдігін сақтап қала алды. Ал XV ғасырдың ортасына қарай Түркістан аймағындағы негізгі қалалық орталықтар Әбілқайыр ханның билігіне бағынып, жаңа саяси кеңістіктің қалыптасуына негіз қалады.

Осы кезеңдегі үздіксіз соғыстар, билік үшін күрестер мен саяси тұрақсыздық Қазақстан аумағындағы ортағасырлық урбанизацияның дамуын тежегенімен, қалалар толық жойылып кеткен

жок. Олар жаңа мемлекеттік бірлестіктер аясында әкімшілік және сауда орталықтары ретінде қайта бейімделіп, кейінгі Қазақ хандығы дәуіріндегі қалалық жүйенің тарихи негізін қалады.

Бұл тарихи кезең қазақ халқының қалыптасуымен қатар, ұлттық мемлекеттіліктің негізі қаланған уақыт ретінде ерекшеленеді. Үдерістің бастапқы кезеңі Шыңғыс әулетіне тиесілі ұлыстардың ыдырауымен сипатталса, соңғы кезеңі дербес Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Осы аралықта Қазақстан аумағында жаңа мемлекеттік бірлестіктер пайда болып, бұрынғы моңғол саяси жүйесінің орнына жергілікті этникалық негізге сүйенген басқару үлгілері қалыптасты. XIII ғасырдың ортасынан бастап Дунай мен Ертіс аралығындағы ұлан-ғайыр далада Алтын Орда мемлекеті қалыптасты. Бұл мемлекетте жоғарғы билік Жошы әулетінің қолында болды. Уақыт өте келе ішкі саяси тұрақсыздық, тақ үшін күрес және экономикалық дағдарыстар салдарынан Алтын Орда әлсіреп, XIV ғасырдың соңына қарай ыдырау үдерісіне түсті. Мемлекеттің батыс иеліктері Дунай бойына дейін жетсе, шығыс аумақтары қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірлерін қамтыды.

XIV ғасырдың бірінші жартысында Сырдария бойындағы бірқатар қалалар Алтын Орда құрамында болғанымен, ғасырдың екінші жартысында бұл аумақ Ақ Орда мемлекетінің бақылауына өтті. Ақ Орданың саяси элитасы өз билігін Орда Ежен әулетінен таратты. Мемлекеттің дербестену үдерісі Ерзен хан мен Мүбәракқожа тұсында басталып, Ұрыс хан билік еткен кезеңде едәуір нығайды. Осы уақытта Ақ Орда Әмір Темір тарапынан жүргізілген әскери жорықтарға қарсы ұзақ күрес жүргізді.

Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Батыс Қазақстан аумағында Ноғай Ордасы қалыптасты. XIV–XV ғасырларда бұл мемлекет ірі саяси бірлестікке айналып, аймақтағы этносаяси процестерге елеулі ықпал етті. Сонымен қатар Жетісу мен Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында Моғолстан мемлекеті өмір сүрді. Бұл саяси құрылымдар Қазақстан тарихындағы кейінгі мемлекеттік дамудың негізгі буындарына айналды.

Аталған мемлекеттер шеңберінде қалалық өмір біртіндеп қайта жандана бастады. Әскери қақтығыстар салдарынан күйзеліске ұшыраған көптеген қалалар әкімшілік және сауда орталықтары ретінде жаңа қызметтер атқарды. Қалаларда қолөнер өндірісі қайта қалпына келіп, ішкі және сыртқы сауда байланыстары жанданды. Урбанизация үдерісі бұрынғы моңғол кезеңімен салыстырғанда анағұрлым тұрақты сипат алды. Сонымен бірге саяси бытыраңқылық, билік үшін күрестер және сыртқы шапқыншылықтар қалалардың дамуын тежеген факторлар ретінде сақталды. Сырдария бойындағы стратегиялық маңызы жоғары қалалар үшін жүргізілген үздіксіз соғыстар қала халқы мен отырықшы егіншілік аймақтарына ауыр зардап әкелді. Дегенмен бұл қиындықтарға қарамастан, қалалар толық жойылып кеткен жоқ, керісінше жаңа мемлекеттік құрылымдар жағдайында бейімделу жолын таңдады.

Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік дәстүрлері терең тарихи негізге ие және ежелгі әрі ортағасырлық кезеңдерде бұл өңірді мекендеген тайпалар мен халықтардың саяси дамуымен тығыз байланысты қалыптасты. Мемлекеттік құрылымдардың эволюциясында XIV–XV ғасырларды қамтитын кейінгі моңғол дәуірі айрықша орын алады. Аталған кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақ даласында, Жетісу аймағында және Түркістан өңірінде көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы-егіншілік халықтың этникалық әрі саяси бірігу үдерісі түпкілікті сипат ала бастады. XV ғасырдың ортасына қарай Қазақстан аумағындағы саяси процестер салыстырмалы түрде тұрақтанып, қалалық және көшпелі кеңістіктер арасында өзара экономикалық байланыстар қалыптасты. Дәл осы тарихи жағдайда қазақ халқының этникалық тұтастығы нығайып, кейінірек Қазақ хандығының құрылуына алып келген әлеуметтік-саяси алғышарттар толық жетілді. Осылайша кейінгі ортағасырлық кезең Қазақстандағы урбанизация мен мемлекеттілік дамуының шешуші кезеңі ретінде тарихи маңызға ие болды.

Нәтижелер. XIII ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның оңтүстігінде қалалық өмірдің біртіндеп жандану үдерісі байқалды. Осы кезеңде аймақтар арасындағы экономикалық байланыстар қайта қалпына келіп, қалалар халықаралық сауда және дипломатиялық қатынастар жүйесіне белсенді түрде тартыла бастады. Жазба деректерде бұл дәуірде Сырдария бойындағы ірі қалалар ретінде Сайрам, Отырар, Яссы, Сауран, Сығанақ, Созақ, Сүткент, Жент және Янгикент аталады.

1256 жылы Оңтүстік Қазақстан аумағы арқылы өткен армян патшасы Гетум I-дің жолсапар жазбаларында көрсетілген қалалардың Баршынкент, Сүгілкент, Ұрасоған, Құмкент, Созақ, Сығанақ, Қарашоқ, Яссы, Сури, Отырар және Зернук қалаларына сәйкес келетінін анықтауға болады.

Археологиялық зерттеулер де XIII–XIV ғасырларда оңтүстік өңірдегі қалалық мәдениеттің өміршең болғанын дәлелдейді. Бұл кезеңге жататын Сайрам, Қараспан, Отырар, Түркістан, Сауран,

Сығанақ, Сүткент, Кауған-ата, Майрам-төбе, Аққорған, Үзкент, Асанас, Жент және Янгикент қалашықтарында тұрақты қоныстану мен шаруашылық қызметтің жалғасқандығы анықталған.

Моңғол шапқыншылығы салдарынан туындаған экономикалық және әлеуметтік күйзелістен шығудың басталу мерзімі жөнінде ғылыми ортада әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі шаруашылықтың қайта көтерілуіндегі шешуші кезең ретінде Кебек хан жүргізген ақша реформасын атап көрсетеді. Ғалымның бұл тұжырымын көптеген зерттеушілер қолдап, дәл осы реформаның қала экономикасы мен сауда қатынастарының дамуына серпін бергенін айқындайды [Бартольд, 356].

Е.А. Давидович бұл мәселеге өзге қырынан қарайды. Оның пікірінше, 1321 жылы жүргізілген Кебек ханның ақша реформасының тарихи маңызы ғылыми әдебиетте шамадан тыс дәріптелген. Зерттеуші Орта Азия, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу аумағында қалалық шаруашылық пен ақша айналымының жандануына анағұрлым ықпалды болған шара ретінде 1271 жылы көпес-билеуші Масудбек бастаған ақша реформасын атап көрсетеді. Осыған байланысты ғалым қалалық өмір мен сауда қатынастарының ішінара қайта қалпына келуіне қолайлы жағдайлар XIV ғасырдың екінші ширегінде емес, XIII ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасты деген тұжырым жасайды. Бұл көзқарас оңтүстік қазақстандық қалашықтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының материалдарымен де расталады [Давидович, 1972: 78].

Аймақ экономикасының және қалалық мәдениеттің жандануында XIV ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігінің Ақ Орда құрамына енуі айрықша рөл атқарды. Ақ Орда – моңғол дәуірінен кейін жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы ірі мемлекеттік бірлестік болды. Көшпелі және отырықшы халықтар арасындағы шаруашылық байланыстарды қайта қалпына келтіруді мақсат еткен Ақ Орда билеушілері астана ретінде Сығанақ қаласын таңдады.

Сасы-Бұқа, Ерзен, Мұбарак және Шымтай хандар тұсында саяси ахуалдың салыстырмалы түрде тұрақтануы қалалардың экономикалық өрлеуіне қолайлы жағдай туғызды. Мұндай даму үдерісін XIV ғасырға жататын Отырар қалашығындағы мәдени қабаттар айқын дәлелдейді.

XIII ғасырдан XV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі аралықта қалалық кеңістіктің құрылымы белгілі бір жоспарлы жүйемен дамыды. Қаланың негізгі қақпаларын өзара байланыстыратын кең көшелер салынды. Осы көшелерден тұрғын кварталдарға апаратын тұйық ішкі көшелер таралып, олардың бойына бір-біріне жақын орналасқан тұрғын үйлер шоғырланды. Қаланың маңындағы аумақтарда қолөнершілер қоныстары, бау-бақшалы жеке үйлер және шаруашылық құрылыстар орналасты. Егіншілікпен айналысқан елді мекендердің барлығы суару арналарына тәуелді болды. Мұндай жоспарлы қоныстанудың айқын үлгісі ретінде Отырарды атауға болады. XIII–XV ғасырларда шамамен 50 шаршы шақырым аумақты қамтыған бұл өңірде Отырар, Құйрық-төбе, Алтын-төбе және Күйік-Мардан қалашықтары аралығында көптеген каналдар бойлай орналасқан қоныстар жүйесі қалыптасты.

Отырар қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары ортағасырлық қалалардың құрылыс жүйесін, тұрғын үйлердің типологиясын, қоғамдық және діни нысандардың орналасуын, сондай-ақ қорғаныс құрылыстарының сипатын жан-жақты анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері қаланың жоспарлану жүйесі әр тарихи кезеңде елеулі өзгерістерге ұшырағанын көрсетті. XIII–XIV ғасырларға жататын тұрғын кварталдардың құрылымы алдыңғы дәуірлердегі қалалық жоспарлаумен сәйкес келмейді. Қала кеңістігінің жалпы композициясы түбегейлі қайта ұйымдастырылған. Бұрынғы құрылымнан тек негізгі басты көшелер ғана сақталған, ал квартал ішіндегі тұрғын үйлердің орналасу жүйесі толықтай өзгеріске ұшыраған. Археологиялық деректерге сүйенсек, Отырардың рабад бөлігінде құрылыс тығыздығы төмен болған. Бұл аумақта негізінен қыш ыдыс жасаушылардың, кірпіш күйдірушілердің, ұсталардың тұрғын үйлері мен өндірістік шеберханалары орналасқан. Мұндай құрылым рабадтың қолөнер мен өндіріс аймағы ретінде қызмет атқарғанын көрсетеді.

Қаланың орталық бөлігіндегі XIII–XIV ғасырларға жататын бір тұрғын кварталы шамамен 1500 шаршы метр аумақты қамтыған. Оның құрамында ұзындығы шамамен 32 метр, ені 2–2,5 метр болатын ішкі көше болған. Кварталда орналасқан тоғыз тұрғын үйдің барлығы осы ішкі көше мен солтүстік бөліктегі шағын тұйық өткелге бағытталып салынған.

XIII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі аралықта қалалық тұрғын үй құрылысының жаңа үлгілері қалыптаса бастайды. Соның ішінде кең тараған алғашқы типке бір ось бойымен орналасқан, ішкі ауласы бар екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер жатады.

Мұндай үйлер тұрғындардың тұрмыстық қажеттіліктерін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, ортағасырлық қалалық өмірдің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Тұрғын үйлердің екінші құрылымдық типіне өзара қиылысатын осьтер бойымен орналасқан төрт бөлмелі ғимараттар жатады. Мұндай тұрғын жайлар крест тәрізді немесе төрт бөлікті жоспарлау жүйесімен сипатталады. Үйдің жалпы жоспары төртбұрышқа жуық болып келеді, ал қосалқы қоймалар айванның, ішкі ауланың немесе тандыры бар негізгі тұрғын бөлменің екі қапталына орналастырылған. Бұл жоспарлау үлгісінің бірнеше нұсқасы анықталған. Кейбір үйлерде бөлмелер саны төртпен шектелмей, бес немесе алтыға дейін жеткен. Мұндай тұрғын жайлардың жалпы аумағы, әдетте, 40–60 шаршы метр шамасында болған.

Үшінші типтегі үйлер бірнеше дербес секциялардан тұратын күрделі құрылымымен ерекшеленеді. Әрбір секция екі немесе үш бөлмеден құралған, олардың кемінде біреуі міндетті түрде тұрғын кеңістік қызметін атқарған. Осындай үйлерде бөлмелер саны 15-ке дейін жетіп, жалпы аумағы 200 шаршы метрге жуықтаған. Бұл ірі тұрғын кешендер қаланың әлеуметтік жағынан ауқатты тұрғындарына тиесілі болғанын көрсетеді.

Тұрғын үйлердің ішкі көрінісінде де алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер байқалады. Бұрын кең таралған қабырғалар бойымен орналасқан «Г» немесе «П» пішінді тар суфалардың орнына бөлменің едәуір бөлігін қамтитын кең суфалар қолданыла бастады. Тандыр алдындағы шағын алаң, көбіне кірпішпен төселіп, еден деңгейін айқындайтын негізгі элементке айналды. Кейбір бөлмелердің орталық бөлігінде суфаның шетінде ағаш тактайдың, бөрененің, кірпіш немесе тас төсемдердің қалдықтарының сақталуы тұрғын үй шатырын бір ғана орталық ағаш бағана тіреп тұрғанын дәлелдейді. Бұрынғы кезеңдерге тән төрт бағаналы жабын түрі бұл уақытта қолданыстан шыға бастаған. От жағуға арналған ашық типтегі тікбұрышты ошақтар кейбір үйлерде әлі де кездескенімен, негізгі жылу көзі ретінде тандыр жетекші рөлге ие болды. Ол бір мезгілде тұрғын үйді жылытуға, ас дайындауға және нан пісіруге арналған әмбебап ошақ қызметін атқарды.

XIII–XIV ғасырлардағы тандырлардың маңызды жаңалығы ретінде түтін шығару жүйесінің – «кана» деп аталатын арнаның пайда болуын атауға болады. Бұл түтін жолы әдетте суфа ішінде ең қысқа бағытпен қабырғаға дейін жүргізіліп, одан әрі тік шахта арқылы түтін сыртқа шығарылған.

Сонымен қатар отырарлық тандырлардағы түтін арналары классикалық тандырдан айтарлықтай ерекшеленеді. Олардың ұзындығы өте қысқа болып, көбіне 1,5–3 метрден аспаған. Мұндай арналардың негізгі мақсаты – түтінді тезірек сыртқа шығару болса, Алтын Орда қалаларында кең таралған дәстүрлі кандар бөлме периметрі бойымен ұзақ тартылып, түтінді суфа астында ұзақ ұстап тұру арқылы бүкіл үй ішін біркелкі жылытуға бағытталған.

Қаланың осындай жоспарлық құрылымы, кварталдарға бөлінуі және тұрғын үй салу дәстүрі археологтар зерттеген Қаратаудың солтүстік беткейлерінде орналасқан Күлтөбе мен Ран қалашықтарына да тән. Бұл ескерткіштер XVI–XVII ғасырлармен мерзімделгенімен, олардың қала құрылысы жүйесі Отырар секілді XIII–XV ғасырларда қалыптасқан жоспарлау дәстүрінің тікелей жалғасы болып табылады.

XIII ғасырда Сауран қаласының географиялық орны айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Қала моңғол шапқыншылығына дейінгі Саураннан батысқа қарай көшіріліп, қазіргі археологияда Қаратөбе қалашығы ретінде белгілі аумақта дамыды. Осындай ауысу Янгикент қаласында да байқалады: ол да батыс бағытқа жылжып, бүгінгі Мыңтөбемен сәйкестендіріледі.

XIII ғасыр мен XV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген қалалардың қоғамдық сәулет жүйесінде мешіттер мен моншалар маңызды орын алды. Қалалық кеңістіктің құрылымында, әсіресе рабад аумағында, өндірістік сипаттағы арнайы кварталдар қалыптасты. Отырар қаласындағы археологиялық материалдар көрсеткендей, мұнда қыш құмырашылардың шеберханалары, кірпіш күйдіретін пештер мен ұстаханалар бір аумақта шоғырланған.

Осы деректер XIII–XV ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстан аймағындағы қалалық мәдениеттің қайта жанданып, бұрынғы даму деңгейіне жеткенін айқын көрсетеді. Бұл кезеңде Отырар, Кенже (Қараспан), Сауран, Сығанақ және Жент сияқты ірі орталықтарда ақша соғатын теңге сарайлары жұмыс істеп, олардың экономикалық және саяси маңызы артқан.

Оңтүстік-батыс Жетісу аумағында, яғни Шу-Талас өзенаралық өңірінде қалалардың дамуы мен егіншілік мәдениетінің тағдыры Оңтүстік Қазақстан қалаларынан өзгеше бағытта өрбіді. Ал солтүстік-шығыс Жетісуда – Іле аңғары мен Жоңғар маңы аумақтарында – XIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысында бірқатар қалалық орталықтар белсенді өмір сүрді. Бұл кезеңде Екі-оғыз (Эквиус), Қойлық, сондай-ақ Алакөл жағасында орналасқан әрі жазба деректерде «облыс астанасы» ретінде

сипатталатын Ілебалық қаласы маңызды орын алды. Зерттеушілер бұл қаланы қазіргі Көктума қалашығымен сәйкестендіреді [Қазақстан тарихы. Бес томдық, 1998: 186].

Іле өзені бойында Алмалық пен Ілебалық қалаларының тіршілігі қызу жүрген. Бұл қалалар жөнінде Гайтон, Пано Карпини, Гильом Рубрук және қытай саяхатшысы Чань Чунь еңбектерінде нақты мәліметтер сақталған.

Археологиялық қазбалар нәтижесінде алынған материалдар бұл қалалардың XIII ғасырда экономикалық және мәдени тұрғыдан дамыған орталықтар болғанын айқын дәлелдейді. Зерттеулер барысында Дүнгене мен Антоновка қалашықтары аталған тарихи қалалармен сәйкестендірілді. Қалалардың экономикалық белсенділігі Қойлық пен Алматы аумағынан табылған XIII ғасырдың екінші жартысына жататын соғылған теңгелер арқылы да расталады. Сонымен қатар осы кезеңнің мәдени қабаттары Талғар, Шеңгелді, Шелек және Қарғалы қалашықтарынан анықталған.

Алайда XIII ғасырдың ортасынан бастап бұл өңірде отырықшы-егіншілік мәдениет біртіндеп құлдырай бастайды. Мұның негізгі себебі Жетісу аумағының саяси тұрғыдан үш бөлікке бөлініп кетуімен байланысты болды. Бұған қоса, аймаққа көптеп көшіп келген көшпелі тайпалар жергілікті қала тұрғындары мен егінші халыққа ауыр қысым көрсетті. Жоғарғы билік тарапынан қолдау тапқан көшпелі ақсүйектердің мүддесіне сай бұрын егіншілік пен бау-бақшаға пайдаланылған жерлер мал жайылымына айналдырылды.

1253 жылы Іле аңғары арқылы өткен француз миссионері Гильом Рубрук өз жазбаларында бұл өңірде бұрын көптеген шағын қалалар болғанын, алайда олардың көпшілігі татарлар тарапынан қиратып тасталғанын атап өтеді. Оның айтуынша, бұл қираулар жайылымдық жерлерді кеңейту мақсатында жасалған, себебі Іле алқабы мал шаруашылығына аса қолайлы аймақ саналған. Ал 1259 жылы қытай саяхатшысы Чандэ де Шу аңғарында көптеген қираған қалалардың орындарын көргенін хабарлайды.

Отырықшы халықтың жағдайын ауырлатқан тағы бір фактор – шамадан тыс салық жүйесі болды. Жол алымдары, міндеткерліктер мен төтенше салықтар жергілікті тұрғындарды экономикалық күйзеліске ұшыратты. Бұл ахуал Мөңке ханның арнайы жарлықтарының бірінде де көрініс тауып, онда халыққа жасалған зорлық-зомбылық пен шектен тыс алым-салықтардың, әсіресе егіншілерге түскен ауыртпалықтың тым күшейгені атап көрсетілген. Құжатта халықтың еңбегінен түсетін пайда олардың өтейтін міндеткерлігінің жартысына да жетпегені айтылған.

Шағатай ұлысында, негізінен солтүстік-шығыс Жетісу аумағында, хан билігіне таласушылар арасында үздіксіз соғыстар жүріп жатты. Бұл қақтығыстар тек Шағатай әулеті өкілдерімен шектелмей, Жошы әулеті мен Үгедей ұрпақтарының өкілдерін де қамтыды. Рашид ад-Дин жазбаларына сүйенсек, XIII ғасырдың 60-жылдары Арық-Бұға әскері халыққа соншалықты қысым көрсетуі нәтижесінде Іле аңғарында аштық орын алып, көптеген адамдар қырылған [Рашид ад-Дин, 1960: 98].

Махмуд ибн Вали өз еңбектерінде ішкі соғыстардың салдарын былай суреттейді: «Сол уақытта көп адамдар қаза болды, өңірлер қирап, иқталар (жер учаскелері) аңызға айналды, егін егістіктің жері құрғап кетті. Ешбір маңызды іс орындалмай қалды. Сондай-ақ, екі жағы да соғыстарда көптеген жауынгерлерін жоғалтты; аттар мен жүк таситын малдар әлсіреп, қажыды. Қазына босаған, қалалар мен ғимараттар қираған, ал халық оларды тастап кетіп, көшпелі өмірге көшті».

XIV ғасырдың екінші жартысында бұл өңірдің ежелгі қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениеті біртіндеп жоғалып, негізгі сипатқа көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы ие болды. Сол кезеңдегі араб географы Аль-Омари бұл жайлы былай деп сипаттайды: «Түркістанда қазір тек қираған қалалардың қалдықтарын ғана көруге болады. Алыстан жақсы салынған ауыл көрінеді, айналасы жасыл шөпке көмкерілген. Жақындап барсаң, тұрғындар жоқ – үйлер бос. Елдің барлық тұрғындары – көшпелі халық, олар мүлде егіншілікпен айналыспайды».

Кейінгі кезеңде Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстанның кең аумақтарында ешбір маңызды қала немесе ауыл қалмағанын, бұрынғы қалалар туралы мәліметтер тек кітаптардан немесе аңыз-әңгімелерден алынатынын, ал олардың нақты орналасқан жері ешкімге белгілі емес екенін атап өткен.

Захир ад-Дин Бабур өз еңбегінде былай деп жазады: «Ферғананың солтүстігіне келсек, бұрын бұл жақта Алмалық, Алмату және Янги сияқты қалалар болған, бірақ қазіргі уақытта олар монғолдар мен өзбектердің әрекеті нәтижесінде қирап, ешбір отырықшы елде мекен қалмаған» [Бабур Захир ад-Дин. 1960: 18]. XIV ғасырдың соңында Жетісу өңірінде болған оқиғаларды сипаттайтын тимуридтік

тарихшылар да бұрынғы Шағатайлар астанасы Алмалық қаласын ескермеген. XIV ғасырдың ортасына қарай бұл қала өзінің саяси және экономикалық мәнін жоғалтты.

Сонымен қатар, дереккөздерде XIV–XV ғасырларда Қойлық, Екі-оғыз және Ілебалық қалалары туралы мәліметтер кездеспейді. Дегенмен, Іле аңғары мен Жоңғар Алатауы маңындағы ортағасырлық қалалық орталықтарды археологиялық зерттеулер олардың тарихи құрылысын, тұрғын үйлерін, қоғамдық және мәдениет нысандарын, қорғандық жүйесін анықтауға мүмкіндік берді. Ең маңызды зерттелген қалалардың бірі – Антоновка қалашығы, ол Қойлық қаласының орны деп танылды. Француз королі Людовик IX елшісі Вильгельм (Гильом) Рубрук XIII ғасырда Мөңке ханға барған сапарында Қойлық қаласында 12 күн тоқтап, қаланы зерттеген. Рубрук өз күнделігінде базарлар, саудагерлер, қалалық ғимараттар, оның ішінде буддистік немесе манихейлік ғибадатхана және христиандық ауылдағы шіркеу туралы жазған.

Қойлық қаласы шамамен 800 гектар аумақты алып, бекініс цитадельге, әртүрлі тығыздықтағы құрылыстарға, тор тәрізді көшелерге және су жүйесіне ие болған. Археологиялық қазбалар барысында ерекше қызығушылық тудырған нысан – ескі соборлық мешіт болды. Мешіт аумағынан табылған маңызды археологиялық олжалардың бірі – геометриялық сипаттағы куфи жазуымен өрнектелген күйген ағаш тақтай фрагменті болып табылады. Жазба қатты бүлінгендіктен мәтінді толық оқып шығу мүмкін болмады. Ұзындығы шамамен 1 метрге жуық, ені 15–18 см болатын бұл тақтай екі бөліктен тұрады және мешіттің солтүстік-шығыс бұрышындағы шығыс қабырға маңынан табылған.

Құрылымдық және жоспарлық ерекшеліктері жағынан Қойлық мешіті Алтын Орда дәуіріне жататын төменгі Еділ бойындағы Водянское қалашығынан табылған мешітпен ұқсас. XIII ғасырдың екінші жартысында салынған бұл ғимараттың көлемі мен сәулеттік шешімі оның қалалық жамағат мешіті – соборлық мешіт қызметін атқарғанын көрсетеді.

Ислам дінінің Қойлық аймағында таралуы аталған кезеңнен әлдеқайда ертерек басталған. Түркістан өңіріндегі қожалардың ықпалымен қала діни және мәдени тұрғыда ашық орталыққа айналып, моңғол дәуірінде өмір сүрген өзге қалалар сияқты сол заманның негізгі рухани және мәдени үрдістерін бойына сіңірді.

Ислам мәдениетінің моңғол шапқыншылығына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде кең таралғанын қаланың шығыс қақпасына жақын орналасқан екі кесененің табылуы да дәлелдейді. Қойлық мавзолейлері күмбезді құрылыс түріне жатады және басты қасбеті айқын белгіленген сәулеттік шешіммен ерекшеленеді. Қазба жұмыстары барысында өсімдік және геометриялық өрнектермен безендірілген қаптау тақталарының сынықтары анықталды. Сонымен қатар араб графикасымен орындалған жазулардың көптеген үлгілері – насх пен куфи үлгісіндегі каллиграфия, күрделі сынық сызықтар мен өсімдік өрнектерінің үйлесімі табылды. Кейбір бөліктерде ганчаға ойып жасалған көркемдік элементтер сақталған [Байпақов, 2006: 163].

Қазба барысында табылған керамикалық бұйымдар арасынан шетелдік өнімдер ерекше орын алады. Олардың ішінде Қытайда өндірілген ыдыстар мен қыш бұйымдар анықталған.

Қалашықтан табылған хаммам-монша күйдірілген кірпіштен тұрғызылған және құрылыс сипатына қарай сарай типіндегі моншалар қатарына жатады. Оның жоспары крест тәрізді болып келеді. Моншада орталық массаж бөлмелері, әр көлемдегі жуыну орындары мен жеке ванналар қарастырылған. Жылыту және ыстық су дайындау үшін пешке орнатылған қазан қолданылған. Пештен шыққан ыстық ауа күйдірілген кірпіштен жасалған арналар арқылы еден астымен таралып, ғимараттың барлық бөлігін жылытып отырған.

XIII ғасырға, ал кейбір деректер бойынша XIV ғасырға жатқызылатын діни құрылыстар қатарына Гильом де Рубрук сипаттаған буддалық ғибадатхана да енеді. Бұл нысан археологиялық тұрғыда зерттеліп, оның орны анықталған. Сондай-ақ Рубрук атап өткен манихейлік храмның қалдықтары да табылған. Оның еңбектерінде Қойлық маңындағы қоныстардың бірінде несториандық христиан шіркеуінің болғаны жөнінде де мәлімет келтіріледі.

Қойлық Іле аңғарындағы тағы бір ірі қала – Талхирден (қазіргі Талғар қаласы) айтарлықтай ерекшеленеді. Талхир VIII–IX ғасырларда қалыптасып, XI–XII ғасырларда өзінің гүлдену кезеңін бастан кешірген. Кейбір зерттеушілер бұл қалада белгілі бір кезеңде теңге сарайы жұмыс істеуі мүмкін деп болжайды.

Археологиялық деректер Талхирдің XIII ғасырда да өмір сүргенін дәлелдейді, алайда Талғардағы тұрғын үйлерде кан типіндегі жылыту жүйелері анықталмаған. Мұндағы үйлер шикі кірпіштен қаланып, тас іргетасқа орнатылған және жер сілкінісіне қарсы ағаш белдеулермен

бекітілген. Сонымен қатар XIII ғасырдың екінші жартысында Талғарға жақын орналасқан Алматы қаласында шағатайлық күміс дирхамдар соғылғаны белгілі. Монеталардың бетіндегі жазбада соғылған орын нақты «Алматы» деп көрсетілген. Өкінішке қарай, қазіргі Алматы қаласының аумағындағы ортағасырлық археологиялық нысандар толығымен дерлік жойылып, кейінгі құрылыстармен жабылып кеткен. Осы себепті Шағатай ұлысының ірі қалаларының бірі болған Алматының толық археологиялық бейнесін қалпына келтіру мүмкін емес. Сол сияқты ортағасырлық Дунгене қалашығы – Махмуд Қашғари еңбектеріндегі Екі-оғыз және Рубрук деректеріндегі Эквиус та сақталмаған. Осыған байланысты зерттеулерде негізінен Антоновка қалашығы (Қойлық) мен Тальхир (Талғар) материалдары салыстырылады. Бұл салыстыру нәтижесінде XIII–XIV ғасырларда Қойлық қаласының Тальхирге қарағанда әлдеқайда ауқымды түрде қайта құрылып, сәулеттік жағынан түбегейлі жаңартылғаны байқалады.

Алайда XIII–XIV ғасырларда Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігінде жағдай өзгеше қалыптасты. Мұнда да шаруашылық өмірдің айтарлықтай құлдырауы байқалды. Бұрын дамыған отырықшы-егіншілік мәдениеттің ірі орталығы болған бұл өңірде моңғол шапқыншылығына дейін бірнеше ондаған елді мекендер өмір сүрген еді. Ал XIII–XIV ғасырларда олардың саны жиырмадан аспайтын ұсақ қоныстармен ғана шектелді. Мәселен, Шу аңғарындағы жеті елді мекеннің ішінен XIV ғасырдан кейін тек Аспара қаласы ғана тіршілігін жалғастырғаны белгілі.

Тараз қаласы мен оған іргелес бірқатар орталықтар моңғол әскеріне қарулы қарсылық көрсеткен жоқ. Бұл қалалар моңғолдар мен Хорезм мемлекеті арасындағы өзіндік буферлік аймақта орналасқан еді. Қала халқы моңғол шапқыншылығынан бұрын-ақ Хорезмшах Мұхаммедтің бұйрығымен көшіріліп жіберілген. Жазба деректерде бұл оқиға былай суреттеледі: Хорезмшах Мәуераннахрды бағындырып, Қарахан әулетінің иеліктерін жойғаннан кейін кең аумақты бақылауда ұстай алмай, шекаралық бекіністердің көбін өзі қиратқан әрі оларды өз әскерлерінің тонауына беруге мәжбүр болған. Нәтижесінде қалалардың тұрғындары өз мекендерін тастап, босып кеткен. Қираған бекіністер мен иесіз қалған үйлер көзге жас үйретін көрініске айналды. Су арналары қараусыз қалып, ирригациялық жүйелер бұзылып, егістік жерлер қаңырап қалған. Ал 1219–1220 жылдары бұл апаттың үстіне бұрын-сонды болмаған тағы бір зұлмат – моңғол әскерлерінің жорығы қосылды. Олар өңірде қалған халықты толықтай жойып, гүлденген бау-бақшалар мен сәулетті құрылыстардан тек қираған қабырғалар мен жоғалған жұрттың ізін ғана қалдырды.

Моңғол дәуірінде Тараз қаласында Масудбек реформасынан кейін теңге соғу ісі жүргізілгенімен, Талас аңғарының отырықшы және қалалық өмірі жалпы құлдырау кезеңіне түсті. Дәл осындай жағдай Шу аңғарында да байқалды. Қалалық тіршілік тек жекелеген орталықтарда – Тараз, Янги-Талас, Янги-Балық, Кенжек және Баласағұнда ғана ішінара сақталды [Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1998: 64].

Бұл өңірлердегі ауыр әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы Мөңке ханның жарлықтарының бірінде де айтылады. Онда жергілікті халықтың, әсіресе егіншілердің зорлық-зомбылық пен шектен тыс алым-салықтан әбден титықтағаны, міндеткерліктер мен төтенше салықтардың ауыртпалығы соншалықты болғаны, олардың көрген пайдасы салынған міндеттердің жартысына да жетпейтіні атап көрсетілген.

XVI ғасырға келгенде бұл өңірдің нақты қай жерде орналасқанының өзі көмескі тарта бастайды. Кей деректерде Тараздың «Янги» деген атаумен белгілі болғаны айтылады. Бұл атаумен байланысты көптеген адамдар Мауераннахр аймағында кездескенімен, олардың шыққан нақты қаласын анықтау мүмкін болмаған. Далалық өңірлерде сақталған күмбездер, минареттер, ханака мен медреселердің қирандылары Жетісу жеріндегі ортағасырлық қалалардың бір кездері аса дамыған мәдени кеңістік болғанын дәлелдейді.

Осылайша Қойлық пен Жетісу қалаларының археологиялық және жазба деректер негізінде жасалған талдауы аймақтың исламдық мәдениет, сәулет өнері және қалалық өркениет тарихында айрықша орын алғанын көрсетеді. Бұл қалалар тек сауда мен әкімшілік орталық қана емес, сонымен қатар рухани, көркемдік және әлеуметтік дамудың маңызды тірек нүктелері болған.

Шу аңғарындағы ежелгі ірі қалалардың бірі – Баласағұн да тарихи сахнадан біржола жоғалды. Мұхаммед Хайдардың мәліметіне сүйенсек, оның дәуірінде Баласағұн атауына қатысты нақты географиялық орын белгісіз болып қалған, тіпті қаланың қирандыларының өзі қай жерде орналасқаны анықталмаған. Зерттеуші В.В. Бартольдтың пікірінше, бұл қала XIV ғасырдың басына дейін белгілі болғанымен, көп ұзамай ішкі саяси қақтығыстар мен өзара соғыстар салдарынан басқа да қалалармен бірге түбегейлі қираған.

Жетісу мен Тянь-Шань маңындағы кең аумақта қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениеттің күйреуі оңтүстік аймақтардағы жағдаймен салыстырғанда мүлде қалпына келмеді. Табиғи-климаттық өзгерістердің айқын белгілері болмағанына қарамастан, өңір бірнеше ғасыр бойы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы үстемдік еткен аймаққа айналды. Бұл жағдай жердің біртіндеп құрғақ дала мен шөлейт белдеу сипатына ие болуына әкелді.

Осылайша, Жетісу аумағындағы отырықшы өркениеттің құлдырауы моңғол жаулап алуларынан кейін бірден басталды. XIII ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың алғашқы кезеңінде ірі қалалар транзиттік сауда мен қолөнер орталығы ретінде сырттай өміршең көрінгенімен, оларды азық-түлікпен қамтамасыз еткен егіншілік аймақтардың жойылуы қалалардың экономикалық негізін әлсіретті. Соның нәтижесінде аз уақыт ішінде қалалық орталықтардың өздері де өмір сүруін тоқтатты.

Моңғол шапқыншылығының ауыр салдары археологиялық деректер арқылы да айқын көрінеді. Талас аңғарында небәрі он шақты елді мекен ғана өз қызметін жалғастырған. Олардың екеуі Талас өзенінің төменгі ағысында, ал қалғандары жоғарғы бөлігінде – күміс-қорғасын кен орындары қарқынды игерілген Шелджи өңірінде орналасқан. Темір дәуірінің жазба деректерінде Аспара бекінісі жайлы мәліметтер кездеседі. Ал археологиялық зерттеулер моңғол шапқыншылығынан кейін тіршілік жалғасқан жеті елді мекенді анықтағанымен, олардың барлығында да экономикалық және демографиялық құлдыраудың айқын белгілері байқалады.

Жетісу аймағының экономикасына шешуші соққыны Әмір Темірдің әскери жорықтары тигізді. Бұл жорықтар қалалық өмірдің қайта жандануына бағытталған барлық үрдістерді толығымен жокқа шығарды. Темірдің әскери әрекеттері тек олжа табу немесе тонаумен шектелмей, шаруашылық жүйені күйрету, аймақтың әскери қуатын әлсірету және жаңа аумақтарды тікелей саяси бақылауға алу мақсатын көздеді. Соның салдарынан ішкі қақтығыстар одан әрі тереңдеп, Жетісу өңіріндегі экономикалық әрі саяси құлдырау үдерісі күшейе түсті.

Осы дәуірге қатысты ерекше назар аударатын мәселенің бірі – мемориалдық сәулет нысандарының салынуы болып табылады. Бұл құрылыстар ислам дінінің кеңінен таралу үдерісін айқын бейнелейді. Талас аңғарындағы Тіктұрмас кесенесі, сондай-ақ XIV ғасырға жататын Манас күмбезі сол кезеңдегі ең көрнекті архитектуралық ескерткіштердің қатарына жатады. Сонымен бірге XV ғасырда жүргізілген жекелеген құрылыс жұмыстары Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігінде жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтанғанын білдірмейді. Бұл кезеңде өмір сүрген Моғолстан мемлекеті тұсында да өңірде терең дағдарыс сақталды. Археологиялық деректерге сүйенсек, аймақтың ең ірі қаласы саналған Тараздың XV–XVI ғасырларға тән мәдени қабаттары өте жұтаң әрі мазмұндық тұрғыдан мардымсыз болып табылады. Бұл жағдай қалалық өмірдің біржола әлсірегенін көрсетеді.

Қорытынды. Оңтүстік Қазақстандағы ежелгі қалалар – қазақ халқының тарихи дамуының алтын арқауы. Олардың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес, ұзақ әлеуметтік-экономикалық эволюцияның нәтижесі болып табылады. Қалалар сауда, мәдениет, ғылым және саясаттың ірі орталықтарына айналып, бүкіл аймақтың өркениеттік дамуын айқындады. Ежелгі қалалардың тарихи мұрасын зерттеу – ұлттық тарихты терең түсінудің басты тетігі. Бұл мұра қазіргі Қазақстан қоғамының мәдени-идеялық негізін нығайтуға қызмет етеді.

XIII–XV ғасырлар аралығындағы Оңтүстік Қазақстан аумағында жүрген урбанизация үдерісі аймақтың тарихи дамуы үшін шешуші маңызға ие күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері бұл кезеңдегі қалалық өмірдің қалыптасуы мен әлсіреуі біржақты эволюциялық даму жолымен емес, сыртқы саяси ықпалдар мен ішкі құрылымдық өзгерістерге тәуелді болғанын айқын көрсетеді. Ортағасырлық қалалар Ұлы Жібек жолының тармақтарында орналасуының арқасында халықаралық сауда, қолөнер өндірісі мен мәдени алмасудың маңызды орталықтарына айналды.

XIII ғасырда моңғол шапқыншылықтарынан кейін бірқатар қалаларда экономикалық белсенділіктің уақытша жандануы байқалды. Археологиялық материалдар мен нумизматикалық деректер қалалардың жоспарлық құрылымы, қоғамдық ғимараттар жүйесі және ақша айналымының белгілі бір дәрежеде сақталғанын дәлелдейді. Алайда бұл қалпына келу үдерісі ұзақ мерзімді тұрақты сипат ала алмады, себебі қалалардың өмір сүру негізін құраған ауыл шаруашылығы мен ирригациялық жүйелер біртіндеп күйреді.

XIV ғасырдан бастап саяси бытыраңқылықтың күшеюі, феодалдық қақтығыстар, ауыр салық саясаты және көшпелі ақсүйектердің экономикалық басымдығы қала мен ауыл арасындағы өзара

байланыстарды әлсіретті. Бұл жағдай урбанистік ортаның әлеуметтік тірегін жойып, отырықшы-егіншілік аймақтардың қысқаруына алып келді. Нәтижесінде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан кеңістігінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлері жетекші орынға шықты. Әмір Темір жорықтары қалалық мәдениеттің қайта өрлеу мүмкіндігін түбегейлі тежеп, көптеген елді мекендердің қирауына, халықтың қоныс аударуына және өндірістік инфрақұрылымның жойылуына себеп болды. XV ғасырдан бастап археологиялық қабаттардың жұтандығы мен жазба деректердегі үзік мәліметтер урбанизация үдерісінің толық тоқырауға ұшырағанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, XIII–XV ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстандағы урбанизацияның құлдырауы жекелеген әскери оқиғалардың нәтижесі ғана емес, саяси тұрақсыздық, экономикалық дағдарыс және демографиялық өзгерістердің өзара ықпалдасуынан туындаған көпқырлы тарихи процесс болды. Бұл кезеңді зерттеу аймақтың кейінгі этномәдени келбетін, көшпелі өркениеттің басым болу себептерін және ортағасырлық қала мәдениетінің тарихи рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Бабур Захир ад-Дин, 1960 – *Бабур Захир ад-Дин*. Бабур-наме. Ташкент, 1960. С. 22.
- Байпаков, 1986 – *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата: Наука, 1986. 256 с.
- Байпаков, 1987 – *Байпаков К.М.* Театрализованные представления в средневековых городах Казахстана. Вестник Академии наук КазССР. 1987. № 4. С. 77–82.
- Байпаков, Воякин, 2006 – *Байпаков К.М., Воякин Д.А.* Средневековый город Каялык. Алматы, 2006. 224 с.
- Бартольд, 1900 – *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия / Санкт-Петербург: тип. Имп. Акад. наук, 1898–1900. Ч. 2: Исследования. 1900. VIII, 573, [2] с. Указатель цит. книг и рукописей: С. 558–573.
- Давидович, 1972 – *Давидович Е.А.* Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в. Москва, 1972. 151 с.
- Джувейни, 1958 – *Джувейни*. История завоевателя мира, записанная Ала-ад-Дином Ата-Меликом Джувейни. Перевод с текста Мирзы Мухаммеда Казвини. Манчестер, 1958. 250 с.
- Қазақстан тарихы, 1998 – *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Томның редакциялық алқасы: Қ.С. Алдажұманов. II том. Алматы: Атамұра, 1998. 640 б.
- ҚР археологиялық..., 2022 – *ҚР археологиялық зерттеу есептері*. Астана, 2015–2022 ж.
- Карпини, Рубрук, 1993 – *Карпини П., Рубрук Г.* Путешествие в Восточные страны. Алматы, 1993. 110 с.
- Рашид ад-Дин, 1960 – *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей. Москва; Ленинград, 1960. Т. 2. 141 с.
- Самашев, Джумабекова, 2006 – *Самашев З., Джумабекова Г., Нурпеисов М., Чотбаев А.* Древности Алматы: Курганы Боролдая. Алматы, 2006. 216 с.
- Смагулов, Григорьев, 1999 – *Смагулов Е.А., Григорьев Ф.Е., Итенов А.О.* Очерки по истории и археологии средневекового Казахстана. Алматы, 1999. 168 с.
- Тихвинский, 1977 – *Тихвинский С.Л.* Татаро-монгольские завоевания в Азии и Европе // Татаро-монголы в Азии и Европе. Москва, 1977. С. 3–22.

References

- Babur Zahir ad-Din, 1960 – *Babur Zahir ad-Din*. Babur-name [Babur-name]. Tashkent, 1960. P. 22. [in Russian]
- Baipakov, 1986 – *Baipakov K.M.* Srednevekovaya gorodskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirechya [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye]. Alma-Ata: Nauka, 1986. 256 p. [in Russian]
- Baipakov, 1987 – *Baipakov K.M.* Teatralizovannye predstavleniya v srednevekovykh gorodakh Kazakhstana [Theatrical performances in medieval cities of Kazakhstan]. Vestnik Akademii nauk KazSSR. 1987. № 4. Pp. 77–82. [in Russian]
- Baipakov, Voyakin, 2006 – *Baipakov K.M., Voyakin D.A.* Srednevekovyi gorod Kayalyk [The medieval city of Kayalyk]. Almaty, 2006. 224 p. [in Russian]

Bartold, 1900 – *Bartold V.V.* Turkestan v epokhu mongolskogo nashestviya [Turkestan during the Mongol invasion] / Sankt-Peterburg: tip. Imp. Akad. nauk, 1898–1900. Ch. 2: Issledovaniya. 1900. VIII, 573, [2] s. Ukazatel tsit. knig i rukopisei: Pp. 558–573. [in Russian]

Davidovich, 1972 – *Davidovich E.A.* Denezhnoe khozyaistvo Srednei Azii v XIII v. [Monetary economy of Central Asia in the 13th century]. Moskva, 1972. 151 p. [in Russian]

Juveini, 1958 – *Juveini*. Istoriya zavoevatelya mira, zapisannaya Ala-ad-Dinom Ata-Melikom Juveini [The story of the conqueror of the world, written by Ala ad-Din Ata-Malik Juvayni]. Perevod s teksta Mirzy Mukhammeda Kazvini. Manchester, 1958. 250 p. [in Russian]

Kazakhstan tarikhy, 1998 – *Kazakhstan tarikhy* (kone zamannan buginge deiin) [History of Kazakhstan]. Bes tomdyq. Tomnyn redaktsiyalyq alqasy: K.S. Aldazhumanov. II tom. Almaty: Atamura, 1998. 640 p. [in Kazakh]

KR arkhologiyalyq..., 2022 – *KR arkhologiyalyq zertteu esepтери* [Archaeological research reports of the Republic of Kazakhstan]. Astana, 2015–2022 zh. [in Kazakh]

Karpini, Rubruk, 1993 – *Karpini P., Rubruk G.* Puteshestvie v Vostochnye strany [Travel to the Eastern countries]. Almaty, 1993. 110 p. [in Russian]

Rashid ad-Din, 1960 – *Rashid ad-Din*. Sbornik letopisei [Collection of Chronicles]. Moskva; Leningrad, 1960. T. 2. 141 p. [in Russian]

Samashev, Dzhumabekova, 2006 – *Samashev Z., Dzhumabekova G., Nurpeisov M., Chotbaev A.* Drevnosti Almaty: Kurgany Boroldaya [Antiquities of Almaty: Mounds of Boroldai]. Almaty, 2006. 216 p. [in Russian]

Smagulov, Grigorev, 1999 – *Smagulov E.A., Grigorev F.E., Itenov A.O.* Ocherki po istorii i arkhologii srednevekovogo Kazakhstana [Essays on the history and archeology of medieval Kazakhstan]. Almaty, 1999. 168 p. [in Russian]

Tikhvinsky, 1977 – *Tikhvinsky S.L.* Tataro-mongolskie zavoevaniya v Azii i Evrope [The Tatar-Mongol conquests in Asia and Europe] // Tataro-mongoly v Azii i Evrope. Moskva, 1977. Pp. 3–22. [in Russian]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY	564
Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е. МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А. КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.	878
Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A. THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A. THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
